



ЖАРЛЫҚ

М.Н. ЕРГЕШБАЕВТЫ ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ

Мұрат Нәлқожаұлы Ергешбаев Қызылорда облысының әкімі лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев
Астана, Ақорда,
2026 жылғы 8 мамыр
№ 1271



МҰРАТ ЕРГЕШБАЕВ – ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жарлығымен Қызылорда облысының әкімі лауазымына Ергешбаев Мұрат Нәлқожаұлы тағайындалды.

Ергешбаев Мұрат Нәлқожаұлы Қызылорда облысында туған. Алматы халық шаруашылығы институтын, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясын бітірген.

Еңбек жолын 1989 жылы Сырдария ауданының Жамбыл ауылында экономист болып бастаған. Аудандық өнеркәсіптік бірлестігінде, қаржы құрылымдарында басшылық қызмет атқарған.

Қызылорда облысы әкімі орынбасарының кенешшісі, облыстық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы бастығының орынбасары, қалалық қаржы бөлімінің бастығы, ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі «Өрт сөндіруші» АҚ-ның экономика және қаржы жөніндегі вице-президенті болған.

Қызылорда қаласының әкімі, облыстық қаржы басқармасының бастығы, Қармақшы ауданының әкімі, Шиелі ауданының әкімі, ҚР Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылар құқықтарын қорғау комитеті Алматы қаласы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті басшысының орынбасары, «ҚазАгроӨнім» АҚ аппарат басшысы, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы, Қазалы ауданының әкімі, Сырдария ауданының әкімі қызметтерін атқарған.

2023 жылы ҚР Парламенті Мәжілісінің VIII шақырылымына Қызылорда облысының атынан депутат болып сайланды.

ҮКІМЕТ БАСШЫСЫ ОБЛЫСТЫҢ ЖАҢА ӘКІМІН ТАНЫСТЫРДЫ



Кеше Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ҚР Премьер-министрі Олжас Бектенов Қызылорда облысы мәслихаты депутаттарының жиналысына қатысты.

Жиын барысында Мемлекет басшысының Қызылорда облысының әкімі лауазымына екі кандидатты: Ардақ Зебешев және Мұрат Ергешбаевты ұсыну туралы хаты оқылды.

Ашық дауыс беру нәтижесі бойынша депутаттардың 81%-ы Мұрат Ергешбаевтың кандидатурасын қолдады. Депутаттардың 19%-ы Ардақ Зебешевке дауыс берді.

ҚР Президентінің тиісті Жарлығымен Қызылорда облысының әкімі болып Мұрат Ергешбаев тағайындалды.

бойынша жұмыстар белсенді жүргізілуде.

Премьер-министр облыс активіне өңірдің жаңа әкімі Мұрат Ергешбаевты таныстырып, Президенттің Қызылорда облысы басшылығының алдына бірқатар басым міндет қойғанын атап өтті. Бұл – бірінші кезекте Мемлекет басшысының бастамасымен елімізді әрі қарай жаңғыртуға бағытталған, халықтың әл-ауқатын жақсарту, экономика салаларын әртарапандыру және цифрландыру, инвестиция тарту, әлеуметтік инфрақұрылымды да-



Олжас Бектенов облыс активімен кездесуде Мемлекет басшысының атынан Нұрлыбек Нәлібаева өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға қосқан елеулі үлесі үшін алғыс білдірді. Жалпы өңірлік өнім көлемі 4 жылда 2 есеге артып, 3,7 трлн теңгеге жетті. Инвестиция тарту, әлеуметтік маңызды инфрақұрылымды салу және жаңғырту, абаттандыру және басқа да салалар

мыту сынды өзге де басым бағыттарға бағдарланған конституциялық реформаны жүзеге асыру.

«Президенттің бастамасымен елімізде маңызды саяси, әлеуметтік-экономикалық реформалар жүргізілуде. «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасының нәтижелі жүзеге асырылуы осы отырған бәрімізге байланысты екенін айтқым келеді.

Облыс активімен өткен кездесуде бірқатар Мемлекет және қоғам қайраткерлері сөз сөйледі. Олардың толық мәтіні келесі бетте ұсынылып отыр.

Мемлекет басшысы Қызылорда облысының дамуын үнемі назарда ұстап келеді. Максаттарға қол жеткізу үшін барлық құрылым мен қоғам бірлесіп жұмыс істеуі қажет», – деп атап өтті Олжас Бектенов. Сонымен қатар Премьер-министр бірқатар тапсырма берді.

Өңір басшылығы азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға тікелей әсер ететін маңызды жобалардың тұрақты жұмысын қамтамасыз етуі керек. Президенттің бастамасымен Қызылорда қаласында қуаты 240 МВт болатын жаңа газ ЖЭО-сы салынып, пайдалануға берілді, ол халықтың электр және жылу энергиясына деген сұранысын толығымен жабуға мүмкіндік береді. Ірі энергетикалық жобаға 215 млрд теңге көлемінде инвестиция салынды.

Сонымен қатар Қызылорда қаласы ыстық сумен қамтамасыз етілді, оған республикалық бюджеттен 26 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді.

АӨК саласында ауыл шаруашылығы дақылдары көлемін оңтайландыру және су үнемдеу технологияларын енгізу міндеттерінің маңыздылығы атап өтілді.

Кәсіпкерлік белсенділікті қолдау арқылы шағын және орта бизнесті (ШОБ) дамытуға және олардың өңір экономикасындағы үлесін одан әрі арттыруға назар аударылды. Өткен жылдың қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 24,7%-ды құрады.

Сондай-ақ талдау және бюджет қаражатын тиімді жұмсау бойынша тәжірибені жалғастыру қажет. Қызылорда облысында кейінгі 4 жылда әлеуметтік салада 100 млрд теңгеден астам бюджет қаражатының тиімсіз жұмсалыуына тосқауыл қойылды. Үнемделген қаржы халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға және жаңа инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға бағытталды.

6 мамыр күні Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары қызметіне тағайындалған Нұрлыбек Машбөкұлы Нәлібаев Мемлекет басшысының сенімі мен тілекші болған Сыр жұртшылығына шынайы алғыс мен ризашылығын білдіріп, әлеуметтік желіде жазба жариялады. Оның мәтінін ұсынып отырмыз.

СЕНІМ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Құрметті жерлестер!

Еңбек жолымдағы тағы бір аса жауапты кезең қорытындыланып, Қызылорда облысының әкімі ретіндегі қызметім аяқталды. Төрт жылдан астам уақыт бойы Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына барлық білім-білігімді, күш-жігерімді, тәжірибемді жұмсадым. Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы аймақ тізгінін тапсырғанда, Президентіміздің, жерлестеріміздің сенімін ақтап, туған жерге адал қызмет етудің жауапкершілігі жеңіл емес екенін жақсы түсіндім.

Кейінгі төрт жылда Мемлекет басшымыздың қолдауымен атқарылған жұмыстардың, жүзеге асқан жобалардың, қолға алынған бастамалардың барлығы жұртшылықтың көз алдында. Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында Президентіміз «Бір сөзбен айтқанда, Қызылорда облысы барлық салада қарқынды дамуда. Облыстың жағдайы жақсы деп күмәнсіз айтуға болады», – деп атап өтті.

Осы уақыт аралығында Президентіміздің, Үкіметтің қолдауымен облыс бюджеті жылдан жылға ұлғайып, 809 млрд теңгеге жетті. Даму бюджетінің көлемі 2021 жылғы 47 млрд теңгеден 202 жылға дейін артты. Бұл қаражат өңіріміздің ең өзекті мәселелерін шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға, ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға бағытталды.

Аймақта қолайлы инвестициялық климат қалыптасып, кейінгі үш жылда өңір экономикасына 1 триллион 600 млрд теңгеге жуық, 2025 жылы 774 млрд теңгеден астам инвестиция тартылды.

Осылайша Қызылорда облысы негізгі макроэкономикалық көрсеткіштері бойынша республикада алдыңғы орындарға шықты. Өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, инвестиция, инфрақұрылым, кәсіпкерлік, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік сала, ауыл шаруашылығы, мәдениет, спорт және тағы басқа бағыттарда атқарылған жұмыстың нәтижесі Қызылорда қаласының, аудан орталықтары мен елді мекендердің келбетінен анық көрінеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының Жарлығымен Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары болып тағайындалды. Мұны сенім мен жауапкершілік жүгінің салмағы еселене түскені деп білемін. Ел дамуы жолында атқаратын жұмыстың ауқымы зор. Сондықтан өзіме жүктелген міндетті толық атқаруға бар күшімді саламын.

Туған жерге қызмет етуге, ойға алған жобаларды іске асыруға мүмкіндік берген Президентімізге, әр бастамаға қолдау білдіріп, тілекші болған Сыр жұртшылығына, ортақ іске бір қолдың саласындай болып жұмылған барша әріптестеріме шынайы алғысымды, зор ризашылығымды білдіремін.

/// ЖӘДІГЕР

САНСЫЗ СЫРЛЫ САУЫСҚАНДЫҚ

САПАР ОСЫЛАЙ БАСТАЛДЫ...

Біз әуелде Қызылордадан шығып, екі сағаттай уақытты артта қалдырдық. Бағыт – Шиелінің «Еңбекші» ауылы. Дәл осы үлкен жолдың («Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автобаны) бойынан солға қарағанымызда Қаратаудың соңғы сілемдері мұнартып жатқан. Ендігі барар жердің межесі алыс емес. Әрине, жүрдек көлікпен солай. Міне, жүргізушіміз де Шиелінің өкпе тұсынан солтүстікке қарайғы шағын жолға

бұрылмақ ниетін аңғартты. Рулін де солай бұра берген.

Ілгері ентелеп келеміз. Ендігі жолды тегіс асфальтты деуге келмес. Ойдымы көп жолда көлік доңғалағын ала қашқан шопырдың да қабағы келмей тұр. Алда талшыбығы мол ауыл көрінді. Әлгі айтқан «Еңбекші» дейтін ел осы. Ал біздің көлік жол бағытымен ауыл сыртын орай айналды.



8-бет



ҮКІМЕТ БАСШЫСЫ ОБЛЫСТЫҢ ЖАҢА ӘКІМІН ТАНЫСТЫРДЫ



АТҚАРЫЛҒАН ІСТЕН АЙМАҚТЫҢ ДАМУ ДИНАМИКАСЫ БАЙҚАЛАДЫ

Құрметті Олжас Абайұлы!
Қадірлі қауым!

Өңірдің өркендеуі – жүйелі жұмыстың, нақты жоспар мен жауапкершіліктің нәтижесі. Осы тұрғыдан алғанда, кейінгі төрт жылда Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен Қызылорда облысында ауқымды істер атқарылғаны, аймақтың даму динамикасынан айқын байқалады.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өңірлердің дамуына, халықтың тұрмысын жақсартуға барлық мүмкіндіктерді жасап келеді. Сыр жұртшылығы осы қолдаулары үшін Президентімізге ерекше ризашылығымыз бен алғысымызды білдіреміз және Өзі сенім артқан, облыс әкімі қызметіне жаңа тағайындалған Мұрат Нәлқожаұлы Ерғешбаевтың кандидатурасын қолдаймыз. Алдағы уақытта елдің ертеңіне бағытталған барлық бастамаларды бірлесіп жүзеге асыруға сенім білдіреміз.

Қазіргі таңда Қазақстан әлемнің назарын өзіне аударған, барлық саласында тұрақты даму серпіні қалыптасқан елге айналды.

Елімізде жүргізіліп жатқан тиімді бағдарламалар мен Мемлекет басшысының ұтымды стратегиялық жобаларының игілігін ел көруде. Барша қызылордалықтар Президентіміздің Әділетті, Қуатты, Таза Қазақстанды құру жолындағы барлық бастамаларын қолдайды.

Расында, әділеттілік, заң мен тәртіп үстем құрған қоғамда тұрақты даму, болашаққа деген сенім нық болары сөзсіз. Осындай маңызды бағыттардың бірі, Президентіміздің жүргізіп отырған тиімді инвестициялық саясатының арқасында Сыр өңірінде де ірі инвесторларды тарту арқылы ауқымды жобалар жүзеге асырылуда.

2021 жылмен салыстырғанда инвестиция көлемі бүгінде 250 пайызға артты. Өткен жылдың өзінде 27 инвестициялық жоба іске асты. Озық технологиялармен толық автоматтандырылған – «Қызылорда Саз-М» серіктестігінің кірпіш зауыты, нан, кондитерлік өнімдер шығаратын «Қызылорда нан» зауыты іске қосылды.

Президентіміздің қолдауымен өңірдегі ең ірі жоба, Қызылорда қаласында түрік инвесторымен «Акса Energy» жаңа жылу-электр орталығы пайдалануға берілді. Испандық «Рокка групп» компаниясымен санитарлық-техникалық өнімдер шығаратын жоғары технологиялық зауыттың құрылысы жақын күндері басталады. Оңтүстік Корея технологиясы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптау, өңдеу және қедеге жарату зауытының құрылысы басталды. Жақында ғана «Харвест Агро» компаниясының агроиндустриалды кластерін құру жобасының бірінші кезеңі іске қосылды.

Президентіміздің қолдауымен облыстың егін шаруашылығын әртарапандыруға, су ресурстарын үнемдеу технологиясын кеңінен енгізуге алдағы үш жылға 34 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді.

Құрметті жиналған қауым!

Жалпы алғанда, бұл кезең нақты нәтижелермен ерекшеленетін, өңірдің дамуына серпін берген уақыт болды. Осы атқарылған жұмыстардың занды жалғасы ретінде Нұрлыбек Машбекұлының жаңа жоғары қызметке тағайындалуы – оның еңбегіне берілген әділ баға және үлкен сенімнің көрінісі деп санаймыз.

Алдағы қызметіңізде жауапты міндеттерді абыроймен атқарып, ел игілігі жолында табысты еңбек ете беруіңізге тілектеспіз!

Сыр жұртшылығы атынан туған жерді түлетуге жасаған барлық қажырлы еңбегіңізге алғыс білдіреміз!

Абзал ЕРАЛИЕВ,
Қазақстанның Еңбек Ері



ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ БОЛУ ДЕГЕНІМІЗ – ӨЗ ТАҒДЫРЫҢНЫҢ ЖАУАПҚЕРШІЛІГІН ТҮГЕЛІМЕН ӨЗ МОЙНЫҢА АЛУ ДЕГЕН СӨЗ

Құрметті Олжас Абайұлы!
Қадірлі жиынға қатысушылар!

Еліміздің тәуелсіздік алғанына 35 жылдан асып бара жатыр. Осы жылдары еліміз бүкіл дүние жүзіне танылып, әлемдік қауымдастықта өз орнын ойып алды. Әрине, жаңа мемлекет құру, оның іші-сыртын бүтіндей оңай шаруа емес екенін барлығымыз жақсы білеміз. Өйткені, Тәуелсіз ел болу дегеніміз – өз тағдырыңның жауапкершілігін түгелімен өз мойныңа алу деген сөз. Сол себепті, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әлем дамуының бүгінгі және болашақтағы тамыр соғысын анықтап, елімізде Конституциялық реформаны жасай отырып, саяси жүйені жетілдіруді батыл қолға алды. Саяси жүйені жетілдіру баршамаңызды жаңаша ойлауға, жаңаша әрекет етуге, елімізді дамыту үшін жаңаша көзқарас қажеттілігін ұғындырып отыр. Президентіміз қазақстандық қоғамды Адалдық пен Әділдік, Заң мен Тәртіп үстемдік етер жолға салып берді. Біз ендігі арада қоғамда және әрқайсысымыздың санамызда осы Адалдық пен Әділдік және Заң мен Тәртіп қағидатының берік орнығыны аса маңызды екендігін ұғына түскеніміз абзал.

Айта кетуіміз керек, кейінгі төрт жылдың ішінде Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Сыр өңіріне ресми сапармен 3 рет келіп кетті. Өзін ресми сапары Мемлекет басшысының Сыр халқына деген құрметі, осы өңірдің дамуын үнемі назарында ұстап, қолдау көрсетуі деп білеміз. Өзінсіз де құрметті Олжас Абайұлы, облысқа бірнеше рет келіп, үнемі қолдау жасаудасыз.

Айта кетуіміз керек, Мемлекет басшысы жыл сайынғы халыққа арнаған Жолдауларында әлеуметтік салаға ерекше мән береді. Президенттің тікелей тапсырмасымен кейінгі төрт жылда Қызылорда облысында 200-ге жуық әлеуметтік нысан іске қосылды. 43 мектеп, балаларға арналған «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық орталық, «Құзыреттілік орталығы», 300 орындық балалар тынығу лагері салынды. Денсаулық сақтау саласында 41 медициналық нысан салынса, көпбейінді аурухана, 400, 500 келушіге арналған емхана, перинаталдық орталықтың құрылысы қарқынды жүруде. Сонымен қатар, 24 спорттық нысан, оның ішінде 11000 орындық жаңа стадион, инклюзивті спорт орталығы пайдалануға берілді. «Қызылорда Арена» спорт кешені салынуда. Мәдениет саласында 22 нысан ел игілігіне іске қосылды. Барлық ауданда «Руханият», қалада «Анаға тағзым», «Өнер орталығы» орталықтары салынды. Мемлекет басшысының тапсырмасымен заманауи кітапхана мен драма театр құрылысы басталды.

Осыдан төрт жыл бұрын Мемлекет басшысының Жарлығымен Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда облысының әкімі болып тағайындалды. Ол кезде облыстың бюджеті небәрі 346 млрд теңге болса, бүгінгі күні 851 млрд теңгеге жетті.

Құрметті Нұрлыбек Машбекұлы! Президентіміздің қойған талабы бойынша әкімдердің бойынша табиғи ұйымдастырушылық қасиет, кез келген мәселені оң шешудегі тапқырлық, ойға алған мақсатын орындамай қоймайтын табандылық, тәуекелшілдік пен темірдей тәртіп, жанашырлық пен қарапайымдылық, ең бастысы, халықшылық пен мемлекетшілдік қасиет болу қажет. Осы қасиеттер сіздің бойыңыздан табылады.

Тәуелсіздік жылдары осы облысты сізге дейін тоғыз әкім басқарған екен. Сіз оныңшың болдыныз, барлық жасаған жұмыстарыңыздың нәтижесі үнемі ондыққа тиіп жатты. Мемлекет басшысы өзіңіздің өңірлік тәжірибеніңізді жоғары бағалап, Үкімет басшысының бірінші орынбасары лауазымына тағайындады. Бұл үлкен сенім, осы өңірде алған мол тәжірибеніңіз сізге көп көмек болатыны сөзсіз. Жаңа қызметіңізге тек табыс, сәттілік тілейміз! Жаңа әкім Мұрат Нәлқожаұлы, Мемлекет басшысының және халықтың сенімінен шыға беріңіз дейміз.

Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ,
саяси ғылымдар докторы, мемлекет және қоғам қайраткері



ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІ — ЕЛ БАСҚАРҒАН ЕРДІҢ ЕҢБЕГІМЕН ӨЛШЕНЕДІ

Құрметті Олжас Абайұлы!
Құрметті активке қатысушылар!

Халқымызда «Елдің ертеңі – ел басқарған ердің еңбегімен өлшенеді» деген сөз бар. Шын мәнінде, ел тізгінін ұстаған азаматтың әрбір ісі – халықтың болашағына тікелей әсер ететін жауапты қадам.

Бүгін біздің өңір тарихында қалатын тағы бір маңызды күн. Мемлекет басшысының Сыр еліне деген ерекше ықыласы мен қолдауын әр кез сезініп келеміз. Сол себепті бүгін аймақ басшылығына Президентіміздің өзі сенім білдірген, осы елдің тыныс-тіршілігімен жақсы таныс азамат Мұрат Нәлқожаұлы Ерғешбаевтың кандидатурасын толық қолдаймыз.

Жалпы қызылордалықтар елдің дамуына, өркендеуіне бағытталған барлық мемлекеттік бағдарламалар мен бастамаларды қолдап, елдік іске жұмылуда көш басынан табылып келеді.

Бір ғана мысал, Қасым-Жомарт Кемелұлының тікелей бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» бағдарламасы біздің өңірімізде жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Тіпті бүгінде басқа өңірлерге үлгі болып жүргенімізді естігенде, ерекше мақтаныш сезімімен қабылдаймыз.

«Таза Қазақстан» – бұл жай ұран емес, еліміздің өзекті экологиялық мәселелерін шешуге бағытталған кешенді бағдарлама.

Кейінгі жылдары Сыр өңірінде Мемлекет басшысының және Үкіметтің тікелей қолдауымен ауқымды өзгерістер, ірі жобалар жүзеге асты. Осы жылдар ішінде облыста нақты нәтижеге бағытталған кешенді жұмыстар атқарылды. Инфрақұрылым саласында ірі жобалар жүзеге асып, халықтың өмір сапасын арттыруға бағытталған нақты қамалдар жасалды. Қызылордалықтардың арманына айналған облыс орталығындағы көпқабатты тұрғын үйлерді ыстық сумен қамтамасыз ету мәселесі оң шешімін тапты. Барлық елді мекендер 100 пайыз сапалы ауызсумен қамтамасыз етілді. Төрт жыл бұрын газдандыру деңгейі 67 пайыз болса, бүгінде 83 пайызға жетті. Жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 95 пайыз болды. «Қызылорда – Жезқазған» автомобиль жолының облыс аумағына қарасты бөлігі қайта жаңғыртылды.

Президентіміздің тапсырмасымен «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автодөлізінің «Қызылорда – Ақтөбе» бағытындағы жолын төрт жолақты етіп кеңейту жобасының бірінші кезеңі басталды. «Бейнеу – Сексеуіл» бағыты бойынша жолдың құрылыс жұмыстары да жақын күндері басталады.

Облыста тұрғындарды баспанамен қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік әлеуметтік саясат нәтижелі іске асуда. Кейінгі төрт жылда қаржыландырудың барлық көзінен 3 млн шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілді.

Теміржол вокзалдары күрделі жөндеуден өтті, жаңа автовокзал салынды. Мемлекет басшысының қолдауымен «Қорық Ата әуежайының» жаңа терминалы жеке инвестордың демеушілігімен салынып, ел игілігіне табысталды.

Қорыта айтқанда, Нұрлыбек Машбекұлының Қызылорда облысын басқарған кезеңі Президентіміз бен Үкіметтің тапсырмаларының нәтижелі орындалуының арқасында өңір дамуына үлкен серпін берген, нақты сапамен айқындалған жемісті әрі серпіліс уақыты болды.

Құрметті Нұрлыбек Машбекұлы!

Мемлекет басшысының ендігі кезекте Сізге жүктеп отырған жаңа қызмет – аса зор жауапкершілік пен биік сенімнің айғағы. Осы орайда, алдағы жұмысыңызда ел игілігі жолындағы бастамаларыңызға сәттілік, мемлекет дамуына қосатын үлесіңіз еселеніп арта беруіне тілектестік білдіреміз.

Жаңа қызметіңізге толағай табыс, мықты денсаулық және баянды жетістіктер тілейміз!

Облыс әкімінің қызметіне кіріскен Мұрат Нәлқожаұлына сәттілік тілейміз!

Ибрагим АБИБУЛЛАЕВ,
еңбек ардагері

/// САЛТАНАТ

«АЙБЫНЫ АСҚАҚ, АЙБАРЫ МЫҚТЫ АЗАТ ЕЛ»

«Өнер орталығында» 7 мамыр – Отан қорғаушы күніне және 9 мамыр – Ұлы Жеңістің 81 жылдығына арналған «Айбыны асқақ, айбары мықты азат ел» атты мерекелік шара өтті.

Отан облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық ғылым академиясының өкілдері, құқық қорғау органдарының басшылары, зиялы қауым, ғылым саласының қызметкерлері қатысты.

Салтанатты шарада облыс әкімінің бірінші орынбасары ардагерлер мен әскери қызметкерлерді мерекелем құттықтап, ізгі тілегін жеткізді.

– Баршаныңды Отан қорғаушы күні және Ұлы Жеңіс мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Мемлекет басшысы – Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Қазақ – данқты тарихын ат тұяғымен жазған халық. Біз ұлан-ғайыр жерін жауға бастырмаған батыр елдің ұрпағымыз. Алапат соғыста жеңіске жеткен қаһарман ерлердің ізбасарымыз. Қазір еліміздің күштік құрылымдары Қазақстанның қауіпсіздігін қас қақпай күзетіп тұр. Отанмыздың іргесі берік болуын қамтамасыз ету – әр азаматтың перзенттік парызы, – деген болатын.



Бүгінде Тәуелсіз мемлекетіміздің Қарулы Күштері ерлік пен батылдықтың озық үлгісін көрсетуде. Соның арқасында әскери қызметшілеріміз БҰҰ аясындағы түрлі бітімгерлік операцияларға қатысып, өздерінің кәсібилігі мен жоғары деңгейдегі жауынгерлік машығын дәлелдеп келеді. Бүгінде әскерилерді, құқық қорғау, азаматтық қорғаныс органдарының қызметкерлерін мемлекет тарапынан жан-жақты қолдауға баса көңіл бөлінген.

Жалпыұлттық бірлік пен саяси тұрақтылықтың нәтижесінде елдің сырты жаудан, іші даудан аман болып, мемлекетіміз орнықты дамуда.

Баршаныңды мерекелем құттықтаймыз, Әділетті, Қуатты, Қауіпсіз және Таза Қазақстанды құру жолындағы барлық бастамамыз сәтті жүзеге аса берсін. Еліміз еңселі, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай! – деді Данияр Еренғалиұлы.

Мерекеледе Сыр өңіріне арнайы келген ҚР Президенті жанындағы Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күршімбаев құттықтау сөз сөйледі. Отанға кәсіби біліктілігімен қалтқысыз қызмет етіп жүрген әскери қызметшілер марапат төрінен көрінді.

Шара тыл ардагерлеріне гүл шоқтарын тарту ету рәсіміне, концерттік бағдарламаға ұласты.

/// СЕМИНАР

ЗИЯНКЕСТЕРГЕ ҚАРСЫ ІС-ШАРАЛАР ПЫСЫҚТАЛДЫ

Облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жахановтың төрағалығымен ерекше қауіпті шегіртке зиянкестері мен карантиндік объектілерге қарсы жүргізілетін фитосанитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және химиялық өңдеу жұмыстарын атқаратын техникалардың дайындығына арналған облыстық семинар отырысы өтті.

Жиын барысында 2026 жылға жоспарланған фитосанитариялық іс-шаралардың негізгі бағыттары мен дайындық деңгейі жан-жақты талқыланды. Атап айтқанда, биыл азиялық шегірткеге қарсы – 33350, италиялық пруска қарсы – 31830, саяқ шегірткеге қарсы 55540 гектар аумақта химиялық өңдеу жүргізу жоспарланып отыр.

Семинар отырысында зиянкестерге қарсы күрес шараларын тиімді ұйымдастыру үшін техникалардың дайындығына назар аударылды. Биылғы науқанда 6 арнайы жер агрегаты, 2 жеңіл ұшақ, 1 аса жеңіл ұшақ, 6 пилотсыз авиация құралы (дрон) және 1 аэрозольді генераторды пайдалану көзделуде.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша бірқатар сала басшылары баяндама жасады. Облыстық аумақтық инспекция басшысы Мұхтар Оразбаев ерекше қауіпті зиянды организмдер мен карантиндік объектілерге қарсы жүргізілетін фитосанитариялық іс-шаралар туралы мәлімет берді.

Ал облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев зиянды организмдерге қарсы жүргізілетін жұмыстардың ұйымдастырылуы мен жоспарлары жөнінде баяндады.

Сонымен қатар, фитосанитариялық іс-шараларды жүзеге асыратын мердігер мекемелердің техникалық дайындығы да кеңінен қаралды. Бұл бағытта «Авиакомпания «Дельта-Юг» ЖШС, «Бағжан» ЖК және «Защита растений-К» мекемесі, «Фитосанитария» республикалық мемлекеттік кәсіпорны облыстық филиалының мамандары тақырыпқа қатысты ой-пікірін білдірді.

Жиын қорытындысында алдағы фитосанитариялық науқанды сапалы әрі уақытылы жүргізу, техникалардың толық дайын болуын қамтамасыз ету және жауапты мекемелердің өзара үйлесімді жұмысын күшейту мәселесі таразыланды.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

ЖЕҢІС – 81

СОҒЫСТЫҢ СОҢҒЫ СОЛДАТЫ

Яхия Тасыров – аңыз бен ақиқаттың тірі куәсі. Қызылорда облысынан Ұлы Отан соғысына қатысқан 150 мыңға жуық адамнан арамды қалған жалғыз жауынгер. «Қызыл Жұлдыз», I-II дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» ордендерінің, «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін», Ұлы Жеңістің мерекелік медальдарының иегері, Қызылорда облысының құрметті ардагері, Сырдария ауданының құрметті азаматы. Біраз мәліметте туған жылын 1922 десіп жүр, бұл кісінің өзі 1921 деген болатын. Қалай десек те, биыл жасы 105-тен асқан «Ғасыр адамымен» сөйлесудің ғанибеті маған мәлім.



Біз соғыс жайлы жазамыз, бірақ көрген жоқпыз, сондықтан бұл тақырып бізге аңыз, ал ақиқатты көргендер біледі.

Көрмегесін 9 мамырда оташу атып қуанамыз, біз үшін Жеңіс күні – мереке. Яхия ата болса бұл күні көзіне ыстық жас алады, көкірегіне ашы жапыран келеді. «Биыл Жеңіс күнін тойлағалы сексен жылдан асты, менің де жылағаным сексен жылдан асты», – дейді атамыз. Оның көз алдында арманының астан-кестені шыққан қанша боздақ окқа ұшты. Он сегіз-ақ жаста еді ғой солар, сонда сәндеп шаш қайырып, қырлап шалбар киетін, жейдесінен әтір иісі бұрқырап шығатын кездері. Олардың қомыт-қомыт күпәйкесінен оқ-дәрі иісі мұнкіп тұратын. Бір жас үлкен Яхияны аға дейтін еді-ау.

...Он екі жасында әкесі ашаршылықтан қайтыс болып, шешесімен бірге өзбек жеріне ауып барған бала Яхияның ол жақтағы көрген азабының өзі ауыр, әйтеуір тірі жүрмін деген бір күн еді. Базарға барып

қол жайып, біреудің жесін деп берген алмасын аузына салмай сатып, үйіне нан алып барған кезінің несіні айтасын.

«Жетім қозы маңырап да отырар» деген, содан ер жетіп, Ташкентте текстиль оқуын оқып, 1941 жылы фабрикада жұмыс істеп жүргенінде соғысқа аттанды.

Москваны қорғауға кірді. Танк өткізбеу үшін орман кесіп, окоп қазды. Бірақ аспанмен самолеттер өтіп кетіп, ызындап кері қайтатын. Гитлер Мәскеуді бомбаламандар деп бұйрық беріпті, өйткені Герман рейхінің форері бүлінбеген қызыл Мәскеуде жеңіс шеруін жасаймын деп жоспарлаған. Осы сұмдықты тоқтатқандар қатарында зеңбірек отрядының командирі, кіші сержант Яхия Тасыров та бар.

Тау-тас емес, жоны ысып, Адам жатыр соғысып. Бұл не зауал, қасірет, Бас домалап, қол ұшып, – дейтін соғыс болды. Мұнан әрі Сталинградты қорғауға қатысты. Бұл

майданда пулеметшілер ротасына түсті. Сталинградты қорғау шайқасы ең сұрапыл соғыстың бірі болды. Қаланы алу үшін жау әрқайсысында 20 мыңға жуық адамы бар 14 дивизия әскерін төкті.

Әскерге келгенде Новосібірдің елу екі градус суығына тап келген жоғары жақтың балалары тұншығып қалған, беттері шүберек болып үлбіреп кеткен. Шын мәнінде бала екен ғой. Окопта жараланып, қансырап жатып: «Менің өлгенімді апама айтпай-ақ қойшы...» деп досына соңғы аманатын қалдырған қайран жас балалар-ай. Сонда апама жылдамасын дегені ғой.

Сабағында шөп қурап, Қабағында кек құрғап. Самолеттер от сеуіп, Пулеметтер ет турап, – дейтін соғысқа түсті солар, Сталинградта.

Нева бойындағы осы қандыөзекте немістер бір жарым миллион адам шығынымен бірге бір мыңнан аса танкісінен, мың жарым ұшағынан айырылып, генерал-фельдмаршал Паулос қолға түсті.

Осылайша, Сталинградты, Курскіні, Польшаны жаудан қорғаған жауынгер Яхия Тасыров 1944 жылдың аяғында он бір мың адамдық дивизия құрамымен Германия жеріне кірді.

Бір ғана Курскі түбінде төрт миллион жауынгер жер құшып қалды.

Жанбыр орнына оқ жауған бір күні Яхия Данциг қаласы маңында ауыр жараланды. Снаряд оғы тиіп, бір аяғы етіне ілініп салбырап қалды.

Дереу дала госпиталіне жөнелтілді. Сонда қасына генерал келіп, қарап тұрды да: «Москваға жеткізіндер», – деді. Генерал оның қандай жанкешті жауынгер болғанын түр-түсіне қарап таныды.

Москвада күрделі ота жасағанмен кәріжілікке кіріп кеткен жарқыншақты ала алмады. «Тұра берсін, – деді Яхия, – соғыстың қанша қасіретін көтеріп, бір жарқыншағын көтере алмаймын ба?», – деп дәрігерлерге қарап, қолын шекесіне қойып честь берді.

Көзімен көргеннен сөзімен айтқанға дейінгі аралықта қанша ақиқат ая ұрып, қанша қасірет жай сөзге айналып кетеді десеңізші!

Енді соғысты сұрайтын адам жоқ, көзі тірі куәмен жүздесіп қалуға, батасын алуға мүмкіндік бар.

«Сұрасаң бата берейін, Үстем болсын мерейің. Сендер аман болыңдар, Мен жүз оған келейін», – деп бет сипады, қарт солдат.

Біз аумин дедік.

Дүйсенбек АЯШУЛЫ,
«Сыр бойы»

ЕРЛІКТІҢ ЕРЕН ТҰЛҒАСЫ

Облыстық ардагерлер кеңесі Сырдария аудандық «Руханият орталығында» 7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне, 9 мамыр – Ұлы Жеңістің 81 жылдығына орай тағылымды шара өткізді.

«Ерліктің ерен тұлғасы» атты мерекелік концерттік бағдарлама Ұлы Отан соғысының ардагері, Сырдария ауданының құрметті азаматы Яхия Тасыровқа құрмет көрсету мақсатында ұйымдастырылды.

Орталық алаң мерекеге сай безендіріліп, жас сарбаздарды Отан алдындағы борышын өтеуге салтанатты түрде шығарып салу рәсімі өтті. Сонымен қатар жұртшылық тыл және еңбек, Ауған соғысы ардагерлерін, Чернобыль апатын жоюға қатысушылар мен Семей сынақ алаңында қызмет еткен азаматтарды құрметпен қарсы алды.

«Руханият орталығындағы» музейде Ұлы Отан соғысына арналған көрме ұйымдастырылып, Яхия



Тасыровтың өмір жолынан сыр шертетін фотокөрме көпшілік назарына ұсынылды. Келушілер үшін танымдық алаңдар мен әскери-

патриоттық жарыстар өткізілді. Тағылымды кеш барысында ардагермен «Сыр-сұхбат» кездесуі ұйымдастырылып, оның өмірі мен ерлігі

өскекең ұрпаққа үлгі ретінде насихатталды.

Салтанатты жиында аудан әкімі Берік Сәрменбаев сөз сөйлеп, азаматтарды марапаттады.

Облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасарлары Жұмабек Төлешұлы мен Құлай Ермағанбетқызы игі лебіз білдіріп, соғыс ардагері Яхия Тасыровқа «Ардагерлер ұйымы» республикалық бірлестігінің «Құрмет белгісі» марапатын салтанатты түрде табыс етті.

Сонымен қатар, Қызылорда облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаментінің бастығы, подполковник Жасұлан Бөгенбайұлы игі тілегін білдіріп, ардагерге деген құрметін жеткізді.

Кеште патриоттық әндер шырқалып, соғыс жылдарының рухын бейнелейтін қойлымдар көрерменге ұсынылды.

Тағылымды шара – ерлікке тағзым, батырларға құрмет көрсетудің жарқын көрінісі.

«СБ» ақпарат

ИНВЕСТИЦИЯ

ҚҰРҒАҚ СҮТ ҚЫТАЙҒА ЭКСПОРТТАЛАДЫ

Арал ауданында ауқымды жоба көп. Мұнда балық өндірісі мен төрт түлікті өрістетуден бөлек, кейінгі жылдары инвестиция тарту арқылы өндіріс орындарын ашу жолға қойылғандай. Былтыр аудан көлемінде «Ase Invest» ЖШС-ның «Тұрмысқа қажетті құрғақ ұнтақтар өндіру», «Sinooil» ЖШС-ның «Жанар-жағармай құю станциясын салу» және «Қарашалаң балық» ЖШС-ның «Арал қаласында балық өңдеу зауытын ашу» жобасы жұмысын бастады. Сондай-ақ жол бойында қызмет көрсету орталығы да бой көтерді.

Арал аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі берген мәліметіне сүйенсек, биыл да бірнеше инвестициялық жобаның тұсауы кесілмек. Олардың қатарында «Qazaq Camel» ЖШС-ның түйе сүтінен құрғақ ұнтақ шығару зауыты, «Тоғыс-Аралотын» ЖШС-ның жоғары сұрыпты ас тұзы өндірісі және мотоцикл құрастыру, балық шаруашылығын ұйымдастыру, «Эко Энерджи Плюс» ЖШС құрылысын салатын жол бойы қызмет көрсету кешені сияқты ірі кәсіпкерлік нысандар бар.

«Qazaq Camel» ЖШС іске қосатын кәсіпорын жылына 392 тонна түйе сүтінен құрғақ ұнтақ шығаратын болады. Зауыт құрылысына 3 млрд теңге инвестиция салынған. Оның 1,8 млрд теңгесі мемлекет қолдауымен жеңілдетілген несие ретінде, ал 1,2 млрд теңгесі құрылтайшының жеке қаражат есебінен бөлінген. Зауытты мамыр айында іске қосу жоспарланып отыр. Өндіріс толық жұмысын бастағаннан кейін 23 адам тұрақты жұмыспен қамтылады, – дейді аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің бас маманы Нұрлан Есеналиев.

Ал жоба директоры Нөгербек Абылғазиннің айтуынша, өнім толығымен экспортқа бағытталған. Шыққан тауар көрші Қытай еліне жіберіледі.

– Әкімдік тарапынан арнайы аймақтан бір гектар жер табысталған болатын. Су мен газ, жарық сынды қажетті инфрақұрылым тартылды. Қазір зауыт ғимараты мен қажетті қондырғыларды орналастыру толық аяқталды. Біз қажетті мамандарды Қытайдан алдырып, олар кәсіпорындағы әрбір цех бөлімін құрылымдап, монтаждау жұмысын жүргізіп

шықты. Өндіріс толық автоматтандырылған. Әр бөлімде жұмыс істейтін қызметкерлерге арналған санитарлық-тазалық құрылғылар міндетті түрде болады. Өйткені, біз тағам өнімін дайындаймыз. Бір күнде 20 тонна сүт ұнтағын шығаратын боламыз. Үзілссіз жұмыс істесек, бұл күндік норманы 30 тоннадан асыруға болады. Дайын өнім арнайы 300, 500 граммдық қалбырға салынып, қоймаға жиналады, – дейді кәсіпорын басшысы.

Зауыт басшылығы Арал ауданына қарасты Сексеуіл, Шияға, Ақбасты, т.б. ауылдарда болып, түйе өсіруші жеке шаруа қожалықтарымен меморандумға отырған. Олардан жаңа сауылған сүтті нарық бағасымен алып,

кәсіпорын цехына тасымалдау жағы да ұйымдастырылады. Ал алыс елді мекендерден жиналатын сүт сонда орналасқан үлкен цистерналарда белгілі бір уақытқа дейін сақталатын көрінеді.

– Қызылорда өңірінде 70 мыңға жуық түйе бар десек, оның үштен бірі, яғни 20 мыңнан астамы аналық түйе болары анық. Жақсы тұқымы 5 литрге дейін сүт беретінін ойласақ, мейлі, әр түйеден екі-үш литр сүт сауылатынын ескерсек, біз бір күнді жоспарымызды толық орындай аламыз. Қазір арнайы сүт тасымалдайтын жүк көліктері сатып алынды. Жақын күндері Арал қаласына жеткізіледі, – дейді Нөгербек Абылғазин.

Расымен түйе сүтінің адам ағзасына пайдасы мол. Жергілікті жұрт шұбатты жиі ішіп, күнделікті тағам ретінде тұтынып жүр. Ал оның қан-ғамыр, ревматизм және жүйке жүйесі ауруларын емдеу әрі ағзаны жасартатын қасиеті әлдеқашан дәлелденген. Құрамында нәр көп, адам иммунитетін нығайтуға үлкен септігін тигізеді.

– Дайын өнімді қалай пайдаланады деген сұрақ көп. Сүт зауыттан ұнтақ болып шыққан соң екі-үш рет арнайы шай қасықпен ыдысқа салып, сумен араластырып, кәдімгі сүт ретінде ішеді. Жалпы қытайлықтар қызығушылық танытып отырған бұл өнімде лактоглобулин болмағандықтан, ол аллергия бермейді. Сондай-ақ қай елде болмасын, қант диабетімен жиі ауыратындар бар. Денсаулық күтіп, баланс ұстап тұруда ұнтақтың пайдасы мол, – деп сөзін түйіндеді кәсіпорын директоры.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»



ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ: БҮГІНГІ ШЕШІМ – ЕРТЕҢГІ ТҰРАҚТЫЛЫҚ

Зейнетақы жинақтары – әр азаматтың болашағына жасалған ең маңызды қаржылық қор. Оның басты мақсаты – адам зейнетке шыққаннан кейін тұрақты табыспен қамтамасыз етілуі. Сондықтан мемлекет үшін негізгі міндеттердің бірі – қартайған шақта азаматтарға қаржылық тұрақтылық пен лайықты төлемдерге кепілдік беру.

Бұл мәселе әсіресе жас қазақстандықтар үшін өзекті. Себебі олардың болашақ зейнетақысы екі негізгі бөліктен құралады: мемлекеттік базалық зейнетақы және міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптасатын жинақтаушы жүйе, яғни, бүгінгі табыс пен аударымдар – ертеңгі әл-ауқаттың негізі.

Кейінгі жылдары зейнетақы жинақтарының бір бөлігін мерзімінен бұрын пайдалану мүмкіндігі қоғамда үлкен қызығушылық тудырды. Қолданыстағы ең төменгі жеткіліктілік шегі осы бағытта маңызды рөл атқарады. Бұл шек – азаматтың болашақта ең төменгі зейнетақы деңгейін қамтамасыз ету үшін шотында қалуы тиіс ең аз сома. Ал одан асатын қаражатты белгілі бір мақсаттарға пайдалануға рұқсат етіледі.

Алайда бұл тәсілдің өз кемшіліктері де жоқ емес. Қазіргі есептеу әдістемесі азаматтың зейнет жасына дейін тұрақты жұмыс істеп, үздіксіз жарна аударып отыратынын негізге алады. Шын мәнінде, өмірде бәрі бірдей жоспар бойынша бола бермейді: жұмыссыздық, табыстың төмендеуі немесе денсаулық жағдайы секілді факторлар кез келген адамның қаржылық мүмкіндігіне әсер етуі мүмкін.

Осыған байланысты ең төменгі жеткіліктілік шегін есептеу әдістемесін қайтақарасту ретінде шешім қабылданды. Жаңа тәсілдің басты мақсаты – азаматтар бүгін жинақтарының бір бөлігін пайдаланған жағдайда да, болашақта лайықты зейнетақы алуына жеткілікті қаражаттың сақталуын қамтамасыз ету.

Мәселен, 46 жастағы салымшының жинағы 11 млн теңге делік. Қолданыстағы шек 7,8 млн теңге болса, ол 3,2 млн теңгені қазір пайдалана алады. Бірақ мұндай шешім оның болашақ зейнетақы төлеміне тікелей әсер етеді – нәтижесінде ай сайынғы төлем шамамен 42 мың теңгені ғана құрауы мүмкін. Ал егер бұл қаражатты қозғайма сактаса, болашақтағы зейнетақысы бірнеше есе жоғары болады.

Сарапшылардың айтуынша, соңғы үш жылда ең төменгі жеткіліктілік шегінің қайта қаралмауы да жаңа өзгерістердің енгізілуіне себеп болды. Экономикалық жағдай, инфляция, өмір сүру ұзақтығы – мұның бәрі есептеулерге тікелей әсер ететін факторлар.

Жаңа әдістеме актуарлық тәсілге негізделеді. Яғни, онда күтілетін өмір сүру ұзақтығы, инвестициялық табыстылық және болашақ зейнетақы төлемдерінің мақсатты деңгейі ескеріледі. Бұл – есептің неғұрлым нақты әрі экономикалық тұрғыдан негізделген болуына мүмкіндік береді.



Ең бастысы, зейнетақы жинақтарын қарапайым депозит ретінде қарастыруға болмайды. Бұл – ұзақ мерзімді қаржылық қауіпсіздіктің кепілі. Мемлекет азаматтардың болашақтағы мүдделерін қорғауды басты назарда ұстап отыр. Сондықтан қабылданып жатқан өзгерістердің түпкі мәні – әр адамның зейнет жасында өзін сенімді әрі қамтамасыз етілген сезінуіне жағдай жасау.

Қорыта айтқанда, бүгінгі қаржылық шешімдер ертеңгі өмір сапасына тікелей әсер етеді. Зейнетақы жинақтарын тиімді басқару – тек жеке жауапкершілік емес, сонымен қатар ұлттық деңгейдегі маңызды мәселе.

Бекболат ШӘРІПБЕКОВ
Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитеті облыс бойынша департаментінің басшысы

Сырбайы

№67-68 (21142-21143) 9 мамыр, сенбі 2026 жыл

Қазыларда облысы әкімінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі №81 қаулысы

Жергілікті мемлекеттік басқарудың кейбір мәселелері туралы

«Қазақстан Республикасының Азаматтық Коллексі» Қазақстан Республикасы Кодексінің 45-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 1-тармағы 22) тармақшасына, «Мемлекеттік мұна туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабының 6), 7) тармақшаларына және «Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі №590 қаулысына сәйкес Қазыларда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Құрылысы:
1) «Қызылдар облысының білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің балалардың құқықтарын қорғау, қорғанышлық және каморырылық саласындағы функцияларды беріп отырып, «Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
2) «Қызылдар облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің туризм саласындағы функцияларды беріп отырып, Қызылдар облысының туризм басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

2. Қоса берілген «Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.
3. Қоса берілген «Қызылдар облысының туризм басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.
4. «Қызылдар облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Қызылдар облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

5. Қоса берілген «Қызылдар облысы әкімініңді өзгерістер енгізгілетін кейбір қауаларының тізбесі бекітілсін.

6. «Қызылдар облысы әкімінің апараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі және облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың басшылары заңнамада белгіленген тәртіппен осы қауладан тұпайытын шараларды қабылдасын.

7. Осы қауаларын орындауын бақылау «Қызылдар облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы Ә.М.Мұхамедиярова жүктелсін.

8. Осы қаулы кол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылдар облысының әкімі И.Найібаев
2026 жылғы «30» сәуірдегі №81 қаулысымен бекітілген

«Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасы) балалардың құқықтарын қорғау, қорғанышлық және каморырылық саласындағы функцияларды беріп отырып, «Қызылдар облысының әкімдігі үзектілігі берген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасының ведомстволары жоқ.

3. Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасы қазіргі Қазақстан Республикасының Конституциясы және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасы мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрбағандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен олар бойынша жауаптар беруге, және тұлғаларын және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды ұйымдастыруға, қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де міндеттерді іске асыруға міндетті.

5. Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасы азаматтық-құқықтық қатынастарды өз аттанын жасайды.

6. Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасы қазіргі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасы өз қызметінің мәселелерін бойынша пайдаланып белгіленген тәртіппен Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасы басышының бұйрықтарымен іске Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқарманы құрылымдық бөлімше ретінде ұйымдастыруға өзге де міндеттері бар.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индексі 120008, Қазақстан Республикасы, Қызылдар облысы, Қызылдар қаласы, Бейбітасы Сұлтан көшесі, 1 ғимарат.

10. Осы Ереже Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасының құрылтай құжаты болып табылады.

11. Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасының қызметін қаржыландыру ақсастан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

12. Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасы кәсіпкерлік субъектілерімен Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқарманың өкілеттілігі болып табылатын жағдайда орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тиым салынады.

Егер Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасы заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасының мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:
1) балалардың құқықтарын қорғау, қорғанышлық және каморырылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және дамыту;
2) заңнаманы орындауға қолданыстағы заңнамасында қарастырылған өзге де міндеттерді іске асыру.

14. Өкілеттіктері:
1) құқықтары:

Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасы өзінің қызметін атқаруы үшін және оның функцияларын жүзеге асыру үшін заңнамада бекітілген тәртіппен:

мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан жакетті ақпараттар мен материалдарды сұрауға және алуға;

өз қызметінің тиімді мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар өткізуге;

қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де құқықтарды атқаруға құқылы;

2) міндеттері:
заңды және негізделген шешімдер қабылдауға; қабылданған шешімдерін орындауды бақылауды қамтамасыз етуге; және және заңды тұлғалардың Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасына жолдаған өтініштерін қарауға, олардың орындауын белгіленген жағдайларда және тәртіппен олар бойынша жауаптар беруге; және тұлғаларын және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды ұйымдастыруға;

қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де міндеттерді іске асыруға міндетті.

15. Функциялары:
1) балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) заңнаманы орындауының басышының, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, облыс әкімінің және оның орынбасарларының тапсырмаларының орындауын қамтамасыз етеді;

3) балалардың құқықтарын қорғауға қатынасас ету, олардың құқықтарының бұзылуын алдын алу және ерте аяуға мәселелері бойынша мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметін үйлестіреді;

4) кемелете толмағандар арасында қатыгездікпен қарауды, зорлық-зомбылықтың, қадағалаусыздықтың, құқық бұзушылықтың және сундичтік мінез-құлқының алдын алу бойынша ведомстволарлық өзара і-қимылды ұйымдастырды және жүзеге асырады;

5) кемелете толмағандарға қатысты мемлекеттің қорғанышлық және каморырылық функцияларын жүзеге асырады, оның ішінде заңнамада көзделген шешімдерді профилдактисесі етеді;

6) өмірлік күнн жағдайына немесе тудекке тобындағы балалар мен отбасыларға көмек көрсетуді ұйымдастырады және және профилдактисесі шараларды қолданады;

7) балалардың жағдайына тұрақты мониторинг жүргізеді, оның ішінде қорғанышлықта (амкорырылықта), патронаста, қабылдауы және кесіп қабылдауы отбасыларда тәрбілесініп жатқан балаларға кемінде алты айла бір ерт баруды жүзеге асырады;

8) және тұлғаға қарсы қылмыстар бойынша қылмыстық процесс шешімдерін кемелете толмағандардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге қатынасы;

9) өңірдегі балалардың құқықтарын қорғау жай-күйіне талдау жүргізеді және өңірлік саясатты жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді;

10) балалардың құқықтарын қорғау саласындағы өңірлік бағдарламалар мен жоспарларды әзірлеуге қатынасы;

11) балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша және заңды тұлғаларын өтініштерін қарайды және күзретіп шегінде шаралар қабылдайды;

12) балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша сәйкес алуды және тұлғаларды әзірлеуді қамтамасыз етеді;

13) кемелете толмағандарды бейімдеу орталықтарында, арнаулы әлеуметтік көрсетілген қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталықтарында арнаулы әлеуметтік көрсетілген қызметтерге мұқтаж үш жастағы балаларды қолдау орталықтарында, оның ішінде бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдар, арнаулы білім беру ұйымдары үшін әлеуметтік инфрақұрылым қалыптастыруға қатынасасз етеді және олардың қызметіне мониторинг жүргізеді;

14) құқық бұзушылық профилдактисесі жөніндегі, кемелете толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомстволарлық комиссиялардың құрамын тиісті жергілікті өкілді органдарға бекту үшін ұсынады, сондай-ақ олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

17) балалардың құқықтарын қорғау саласында мемлекеттік саясатты жүргізуді және үйлестіруді қамтамасыз етеді;

18) құқық бұзушылық профилдактисесі саласындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсыртыс қалыптастыруды, іске асыру мониторингін және оның нәтижелерін бағалауды белгіленген тәртіппен жүзеге асырады;

19) балалардың жеке өмірін бақылау және олардың ақпараттарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз ету.

20) балаға арналған әлеуметтік инфрақұрылымды қалыптастыруға қатысу;

21) балалар құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі консультантшыларды шақырау мен өткізу, і-шараларды жүзеге асыру тәртібін белгілеу;
22) тәрбие, білім беру, денсаулық сақтау, ғылым, мәдениет, дене тәрбиесі мен спорт, әлеуметтік қызмет көрсету және отбасы әлеуметтік қорғау саласында балалар мүдделерін орай Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы үзектілігі органы, орталық атқарушы органдар айқындалған мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі і-шараларды жүзеге асыру;

23) жетім балаларды, ата-анасыздың каморырылығы қалған балаларды мемлекеттік қолдау орталықтарында және тұрғын үймен қамтамасыз етеді белгіленген тәртіппен жүзеге асырау;

24) пробащия қызметінің есебінде тұрған мүмкіндігі шектелуі кемелете толмағандарды ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің келісімімен психологиялық-педагогикалық консультантшылық жерберу қамтамасыз етеді;

25) жетім балаларды, ата-анасыздың каморырылығы қалған балаларды белгіленген тәртіппен мемлекеттік қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

26) кемелете толмағандарды бейімдеу орталықтарының және арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталықтарының жұмыс і-

теуін қамтамасыз етеді;

27) кемелете толмағандарды бейімдеу орталықтарында және арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталықтарында ұсталатын адамдарға жайды жасайды;

28) амкорырылық қызметтерге жәрдем көрсетеді;

29) «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің талаптарына сәйкес көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар қарайтын әкімшілік істер (әкімшілік жазалар қолдану) мәселесі бойынша орындауына бақылау жұмыстарын жүргізеді;

30) Қызылдар облысы әкімінің атынан: мемлекеттік орган болып табылатын ведомстволық бағынысты облыстық коммуналдық заңды тұлғаларға қатысты құрылтайыш ретінде әрекет етеді;

облыстық коммуналдық меншікке акциялары (қатысу үлесі) бар заңды тұлғаларға қатысты акционер (кәсіпшілік) ретінде әрекет етеді;
31) құқық бұзушылық жасауға иқпал ететін себептер мен жағдайларды жою және шаралар қабылдайды;
32) азаматтардың құқықтық тәрбілесуді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

33) жергілікті мемлекеттік басқару мүдделеріне Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3-тарау. Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасының бірінші басышының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасын басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасына жауапты міндеттерді орындауына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасының бірінші басышы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазыма тағайындалады және лауазымын босатылады.

18. Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасының бірінші басышының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазыма тағайындалатын және лауазымын босатылатын орынбасары (орынбасарлары) болады.

19. Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасының бірінші басышының өкілеттіктері:
1) өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасының басышы Қызылдар облысы және және және жетекшілік ететін облыс әкімінің орынбасарына есет береді;

2) өз қызметінің мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасын бақылайды;

3) еңбек қатынастары мәселелері өз күзметіне жататын Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасының қызметкерлерін нанамаса сәйкес қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

4) Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасына қатысты стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың әзірлеуін қамтамасыз етеді;

5) еңбек қатынастары мәселелері оның күзметіне жататын Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасының қызметкерлеріне заңнамада белгіленген тәртіппен жаза қолданады және көтермелеу шараларын қабылдайды;

6) Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасы атынан сенімхаттар әрекет етеді;

8) өз күзретіп шеберінде шарттар жасасяды;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен басқармасының атынан сенімхаттар береді;

10) өз өкілеттіктерін ұйымдастыру және ішкі тәртіп мәселелері бойынша регламент қабылдайды;

11) Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасының мүддесін өз орындарында білдіреді, Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасының атынан талапкер, жауапкер ретінде әрекет етеді;

12) сыбайлас жемқорлық қарсы і-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға және жүзеге асырады;

13) Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасының жұмысын ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;

14) Қызылдар облысы әкімінің және облыс әкімінің актілері мен тапсырмаларын орындайды;

15) Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасының құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

16) күзретіп шегінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуді ұйымдастырады;

17) қызмет етуін нормаларының сақтауын қамтамасыз етеді;

18) және тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдері және қабылдау кестесін бекітеді;

19) Қазақстан Республикасының заңнамаларына қайшы келмейтін басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасының бірінші басышы болмаған кезінде оның өкілеттіктері қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны азаматтығын тұлға жүзеге асырады.

20. Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасының бірінші басышының орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

4-тарау. Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасының мүлкі
21. Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасының заңнамада көзделген жағдайларда желел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасының мүлкі оған меншік несі берген мүлік есебінен қалыптастырылады.

22. Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасына бекітілген мүлік облыстық коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасының мүлкіне және қызметінің мемлекеттік органы болып табылатын жағдайда оның мүлкіне иеліктен шығаруға немесе оған өзгешей тәсілмен биілік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасын қайта ұйымдастыру және тарату

24. Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қызылдар облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасы таратылған жағдайда оның мүлкін пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қызылдар облысы әкімінің 2026 жылғы «30» сәуірдегі №81 қаулысымен бекітілген «Қызылдар облысының туризм басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі
1-тарау. Жалпы ережелер
1. «Қызылдар облысының туризм басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Қызылдар облысының туризм басқармасы) туризм саласындағы функцияларды жүзеге асыруға Қызылдар облысының әкімдігі үзектілігі берген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.
2. Қызылдар облысының туризм басқармасының ведомстволары жоқ.
3. Қызылдар облысының туризм басқармасы өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясының және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.
4. Қызылдар облысының туризм басқармасы мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастарды өз аттанын жасайды.
5. Қызылдар облысының туризм басқармасы мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.
6. Қызылдар облысының туризм басқармасы мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.
7. Қызылдар облысының туризм басқармасы өз қызметінің мәселелері бойынша пайдаланып белгіленген тәртіппен Қызылдар облысының туризм басқармасы басышының бұйрықтарымен іске Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Қызылдар облысының туризм басқармасы құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индексі 120008, Қазақстан Республикасы, Қызылдар облысы, Қызылдар қаласы, Бейбітасы Сұлтан көшесі, 1 ғимарат.

10. Осы Ереже Қызылдар облысының туризм басқармасының құрылтай құжаты болып табылады.

11. Қызылдар облысының туризм басқармасының қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Қызылдар облысының туризм басқармасы кәсіпкерлік субъектілерімен Қызылдар облысының туризм басқармасының өкілеттілігі болып табылатын жағдайда орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тиым салынады.

Егер Қызылдар облысының туризм басқармасы заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жібер

Сырбай

№67-68 (21142-21143) 9 мамыр, сенбі 2026 жыл

5. Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы азаматтық-құқықтық қатынастарды өз аттынан жасайды.

6. Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда өз мекендігі атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы өз құзыретін мәселелері бойынша заңнамда белгіленген тәртіптен Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген.

9. Заңды түлғанын орналасқан жері: индекс 120008, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 1 нұмарат.

10. Осы Ереже Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының құрылтай құрамы болып табылады.

11. Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы кәсіпкерлік субъектілерімен Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғынына шартты қарым-қатынас жасауға тиым салынады.

Егер Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-таруа. Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

- 1) дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және дамыту;
- 2) Қазақстан Республикасының қолданғаны заңнамасында қарастырылған өзге де міндеттерді іске асыру.

14. Өкілеттіктері:

- 1) құқықтары:

Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы өзіне жүктелген міндеттері және өзінің функцияларын жүзеге асыру үшін заңнамда белгіленген тәртіптен:

- 1) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпараттар мен материалдарды сұрауға және алуға;
- 2) өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар өткізуге;
- 3) қолданғаны заңнамда қарастырылған өзге де құқықтарды атқаруға құқылы;
- 2) міндеттері:

заңды және негізделген шешімдер қабылдауға; қабылданған шешімдерін орындауға бақылауды қамтамасыз етуге; жеке және заңды тұлғаларды Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасына жолданған өтініштерін қарауға, олардың орындалуына бақылауға, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіптен олар бойынша жауаптар беруге;

жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды ұйымдастыруға;

қолданғаны заңнамда қарастырылған өзге де міндеттерді іске асыруға міндетті.

15. Функциялары:

- 1) жеке тұлғалардың спортпен айналысуы үшін, оның ішінде халықтың жүріп-туруы шектеулі топтарына қолжетімді болуға ескеріле отырып, тұрғылықты жері бойынша және көпшілік демалатын орындарда инфрақұрылым жасайды;
- 2) бұқаралық спортпен айналысуға арналған спорттық жадықтың қауіпсіз пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;
- 3) жергілікті аккредиттелген спорт федерацияларымен бірлесе отырып, облыстық спорттық жарыстарды, оның ішінде ардагер спортшылар арасында өткізеді;
- 4) дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган аккредиттелген республикалық спорт федерацияларымен бірлесе отырып өткізетін республикалық және халықаралық спорттық жарыстарды, оның ішінде ардагер спортшылар арасында өткізуге қатысады;
- 5) спорт түрлері бойынша облыстық құрама командаларды даярлауды және олардың республикалық және халықаралық спорттық жарыстарда өнер көрсетуін қамтамасыз етеді;
- 6) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында бұқаралық спортты және ұлттық спорт түрлерін дамытуға қатысады етеді;
- 7) облыс аумағында дене шынықтыру-спорт ұйымдарының қызметін үйлестіреді;
- 8) балалар-жасөспірімдердің дене шынықтыру даылығы, оның ішінде бекемдік дене шынықтыру және спорт клубтарын құрады;
- 9) білім беру ұйымдарының спорт гимнастарына сабақтан тыс және кейбір уақытта халық үшін спорт секцияларының жұмысын қамтамасыз ету және спорттық іс-шаралар өткізу мақсатында пайдалану жөнінде шешімдер қабылдайды;
- 10) спортшыларға: «Қазақстан Республикасының спорт шеберлігін кандидат», 1-разрядты спортшы спорттық разрядтарын береді, спортшыларды осындай спорттық разрядтардан айырады;
- 11) мынадай: біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты мұсаулы-спортшы, бірінші санатты спорт шебері біліктілік сипаттарын береді, біліктілік сипаттарынан айырады;
- 12) аккредиттелген жергілікті спорт федерацияларының ұсыныстары бойынша спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірінші оңірлік күнтізбесін бекітеді және оны іске асыруды қамтамасыз етеді;
- 13) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізуді үйлестіреді;
- 14) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында дене шынықтыру мен спортты дамыту жөніндегі ақпаратты жинауды, талдауды жүзеге асыруды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысандарда және мерзімдерде дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органды ұсынады;
- 15) жергілікті спорт федерацияларымен аккредиттелді жүзеге асырады;
- 16) олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері мен спорттық дарында балаларға арналған облыстық мектеп-интернаты үшін спорт түрлері бойынша білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын іске асырады;
- 17) олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері мен спорттық дарында балаларға арналған облыстық мектеп-интернатының үлгілік оқу жоспарларын келіседі;
- 18) аккредиттелген жергілікті спорт федерацияларының ұсыныстары бойынша спорт түрлері бойынша облыстық құрама командаларының тығыздығын қамтамасыз етеді және бекітеді;
- 19) «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Олимпиада, Паралимпиада және Сурдлимпиада ойындарының чемпиондары мен жүлдегерлерін тұрғын үймен қамтамасыз етеді;
- 20) ресми дене шынықтыру және спорт іс-шараларын медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастырады;
- 21) дене шынықтыру және спорт іс-шараларын өткізу кезінде қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді;
- 22) дене шынықтыру-сауықтыру және спорт гимнастарын пайдалануды үйлестіреді;
- 23) спорт мектептеріне, спорт мектебіншілдеріне «амандандырылған» деген мәртебе береді;
- 24) халықаралық және республикалық деңгейдегі жарыстарды өткізуге арналған спорттық гимнастарды жобалау үшін техникалық оңалту инженерліктер мен техникалық тапсырманы республикалық аккредиттелген спорт федерацияларымен келіседі;
- 25) дәрігерлік-дене шынықтыру диспансерлерінің жұмысын ұйымдастырады;
- 26) бюджет қаражаты көлемі шегесінде балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт секциялары қаржыландыруға мемлекеттік спорттық тапсырмаларды бекітеді;
- 27) мемлекеттік спорттық тапсырманы көрсететін қызметтерін берушілердің меншік иесі болып, олардың ведомстволық бағытындағы спорттың тиістері мен түрлеріне қарамастан, балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт секцияларында мемлекеттік спорттық тапсырманы орындастыруды қамтамасыз етеді;
- 28) электрондық және жалпыға көпшілік форматтарда мемлекеттік спорттық тапсырманы орындастыруды, оның сапасын бақылауды және нысаналы ігерулерінің барлық кезеңдері мен ресімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді;
- 29) дене шынықтыру мен спорттың насихаттауды жүргізеді, денсаулықтарын сақтау және нығайту, ауруларды алдын алу, жұмыс істейтіндер мен бөлсенді ұзақ өмір сүрудің жоғары деңгейіне, сондай-ақ ізгілік мұраттарын мен спорт құндылықтарына оқу жүзеге үйне дене шынықтыру компоненттерін практикалық пайдалануда халықтың білім деңгейін арттырады;
- 30) аккредиттелген жергілікті спорт федерациясы өткізетін спорттық жарыстар туралы ережелерді (регламенттерді) әзірлейді және оларды жергілікті атқарушы органның бекітуіне ұсынады;
- 31) спорттық дарында балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернаттарда, олимпиадалық резервтің мамандандырылған мектеп-интернат-колледждерінде спортшыларды даярлау білім беру саласындағы уәкілетті органның келісуі бойынша дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіптен жүзеге асырылады;
- 32) мүгедектерді спорт алаңдар арасында спортты дамытады, арнаулы спорттық мүқымал беруі қамтамасыз етеді және мүгедектерді бар адамдардың дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануы үшін дене шынықтыру-сауықтыру және спорт гимнастарына қолжетімді болуына жағдай жасайды. Мүгедектердің сапалық сарнамаданған көрсеткішіне қысымгер Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес бюджет қаражаты есебінен және жеңілдікті шарттармен жүзеге асырылады;
- 33) дене шынықтыру-спорт ұйымдарымен бірлесе отырып, спорт клубтарының, мектептерінің, секцияларының ашылуын, сондай-ақ мүгедектерді бар адамдарды ресми спорттық жарыстарда даярлауды және олардың қатысуын қамтамасыз етеді. Мүгедектерді бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерімен бірлесе отырып, облыс деңгейінде спорттық іс-шаралар өткізуді ұйымдастырады;
- 34) спорт клубтары, мектептерінің, секциялары ашу, облыс деңгейінде спорттық іс-шараларды өткізу, ұлттық спорт түрлері бойынша республикалық, халықаралық спорттық жарыстарға спортшыларды даярлау және олардың қатысуы, тиісті инфрақұрылым жасау арқылы ұлттық спорт түрлерінің дамуын қамтамасыз етеді;
- 35) спорт түрлері бойынша спортшыларды ұстауға, қамтамасыз етуге, даярлауға және олардың спорттық іс-шараларға қатысуына, оның ішінде спорттық іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге байланысты көрсеткішті қызметтерін сатып алу, оларға қатысты Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес басқаруды жүзеге асыру мемлекеттік кәсіпорындарда жүзеге асырылады;
- 36) жоғары дәрежедегі спортшылар даярлауды дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган бекіткен спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалары) спортшыларын даярлауды және жоспарларын сәйкес дене шынықтыру және спорт саласындағы қазақстандық және шетелдік мамандар, сондай-ақ дене шынықтыру спорт ұйымдары жүзеге асырады;
- 37) облыстық спорттық жарыстар аккредиттелген тиісті жергілікті спорт федерацияларымен келісуі бойынша спорттық-бұқаралық іс-шаралардың өңірлік бірінші күнтізбесіне сәйкес өткізеді;
- 38) аккредиттелген жергілікті спорт федерациялары әзірлеген облыстық спорттық жарыстардың ережелерін (регламенттерін) бекітеді;
- 39) жеке тұлғалар мен қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді күрделендіретін спорт құрылыстарын, спорттық және спорттық бұқаралық іс-шараларды өткізуге арналған орындарды пайдалану және оң қауіпсіздігі қағидаларының талаптарын, оның ішінде мінбердердің тереңдігі конструкцияларының ескеру, мінбер астындағы үй-жайларда жанатын қауіпті заттар мен материалдарды орналастыруды, авариялық кезіндегі эвакуациялық жолдарының болуы, өртке қарсы қорғандарының болмауы немесе олардың ақаулы болуы бөлігінде бузылуына, сондай-ақ өрттің туындауына ескеру сұғуға мүмкіндігі электр жабдығын қолдану және пайдалану қағидаларын, санитарлық-гигиенамонологиялық талаптарды, спорттық және спорттық-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін орындарда қатысушылар мен көрермендердің қауіпсіздік жағдайларын бузылушылықтар анықталған жағдайда, ішкі істер органдары немесе халықтың санитариялық-гигиенамонологиялық саласындағы мемлекеттік органдар енгізетін ұсынысы бойынша қауіпсіздік жағдайларының анықталған бузылушылықтары жоюына дейін осындай іс-шараларды өткізуге тиым салыды;
- 40) аса көрнекті спортшыларға – «КСРО-ның еңбек сіңірген спорт шебері», «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері», «КСРО-ның халықаралық дәрежесіндегі спорт шебері», «Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежесіндегі спорт шебері» атақтары бар, спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командаларының) құрамына кірген немесе кіретін олимпиада чемпиондары мен жүлдегерлерін, әлем чемпионына, олардың «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы» немесе «КСРО-ның еңбек сіңірген жаттықтырушысы» атақтары бар жаттықтырушыларына ай сыйын ақшалай ұлес төлейді;
- 41) «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы

Кодексінің талаптарына сәйкес көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар қарайтын әкімшілік істерді (әкімшілік жазалар қолдану) мәселесі бойынша орындауына бақылау жұмыстарын жүргізеді;

42) Қызылорда облысы әкімінің атынан:

мемлекеттік орган болып табымайтын ведомстволық бағынысты облыстық коммуналдық заңды тұлғаларға қатысты құрылтайшы ретінде әрекет етеді;

«Облыстық коммуналдық меншікке ақшылдары қатысушылар ретінде әрекет етеді;

43) құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды және жоспарлар қабылдайды;

44) азаматтарды құқықтық тәрбиелеуді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

45) дене шынықтыру-сауықтыру және спорт құрылыстарының тізімін жүргізеді;

46) спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы ұлттық командаларының, сондай-ақ облыстар командаларының спортшыларын даярлаудың және жоспарларын бекітеді;

47) дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган бекіткен, өңірлер бөліндідегі спорттық басшы тұлғаларының өңірлік іске асыруды қамтамасыз етеді;

48) спорттық медицина және оңалту ұйымдарының жұмысын ұйымдастырады;

49) дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік мекемелерді өткізетін тауарларға (құжықтарға, көрсеткіштік қызметтерге) бағаларды бекіт-гіледі;

50) мемлекеттік дене шынықтыру-спорт ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларына сәйкес тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында дене шынықтыру-спорт ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізеді;

51) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте дене шынықтыру және спорт саласындағы нысаналы индикаторларға оқу жеткізуді қамтамасыз етеді;

52) жергілікті мемлекеттік және қосалқы өз құзыретінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3-таруа. Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасын басқарудың бірінші басшы әрекет асырады, ол Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасына жүктелген міндеттерін орындауына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалды және лауазымдан босатылады.

18. Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасары (орынбасарлары) болады.

19. Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Қызылорда облысы әкіміне және жетекшілік ететін облыс әкімінің орынбасарына өскен береді;

2) өз құзыреті шегіне мемлекеттік органдарға және өзге де ұйымдарға Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасын білдіреді;

3) еңбек ақыларын, мәжбүрлескері өз құзыретінде Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спорт басқармасының қызметкерлерін заңнамаға сәйкес қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

4) Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасына қатысты стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың әзірлеуін қамтамасыз етеді;

5) еңбек қатынастары мәселелері оның құзыретіне жататын Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының қызметкерлеріне заңнамда белгіленген тәртіпті қайта қолданады және көтермелеу шараларын қабылдайды;

6) бұйрықтарға қол қояды;

7) Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

8) өз құзыретіне шарттар жасалады;

9) Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының атынан сенімхаттар береді;

10) өз өкілеттіктерін ұйымдастыру және ішкі тәртіп мәселелері бойынша регламент қабылдайды;

11) Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының мүддесін сот органдарында білдіреді, Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының атынан талапкер, жауапкер ретінде әрекет етеді;

12) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға дербес жауапты болады;

13) Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының жұмысын ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;

14) Қызылорда облысы әкімінің және облыс әкімінің өкілдері мен тапсырмаларын орындайды;

15) Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының қызылдық бөлшектерін туралы ережелерді бекітеді;

16) өз құзыретіне нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуді ұйымдастырады;

17) қызметтік этика нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді;

18) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдері және қабылдау кестесін бекітеді;

19) Қазақстан Республикасының заңнамаларына қайшы келмейтін басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының бірінші басшысы болмаған кезінде оның өкілеттіктерін қолданғаны заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының бірінші басшысы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданғаны заңнамаға сәйкес айқындайды.

4-таруа. Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының мүлкі

21. Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының заңнамда көзделген жағдайларда желел басқару құқығында оқшауланған мүлік болуы мүмкін.

Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының мүлкі оған меншік иесі берген мүлік есебінен қалыптастырылады.

22. Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасына бекітілген мүлік облыстық коммуналдық меншікке жатады.

Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасына қатысты коммуналдық меншік құқығының субъектісі болып «Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі табылады.

23. Егер заңнамда өзгеше көзделмесе, Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлік өзге бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгешіле тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-таруа. Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасын қайта ұйымдастыру және тарату

24. Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы таратылған жағдайда оның мүлкі пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:

1) «Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының «Облыстық жоғары спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) «Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының «Олимпиадалық емес спорт түрлерінің жоғары спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3) «Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының «Облыстық олимпиадалық резерв даярлау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

4) «Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының «Жалғаш балалар Сейтқұлы атындағы олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

5) «Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының «Ұлттық және ат спорты түрлері бойынша спорт клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

6) «Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының «Мүгедектерге арналған спорт клубындағы мемлекеттік мекемесі»;

7) «Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының «Велосипед спорт түрлері бойынша кәсіпшілік спорт клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

8) «Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының «Ғағалы ауылындағы балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

9) «Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының «Теннис спорт түрлері бойынша балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

10) «Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының «№1 Облыстық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

11) «Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының «№2 Облыстық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

12) «Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының «№4 Облыстық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

13) «Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының «№5 Облыстық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

14) «Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының «№6 Облыстық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

15) «Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының «№7 Жаңақорған ауданының олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

16) «Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының «№8 Жаңақорған ауданының олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

17) «Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының «№12 Жалғаш ауданының олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

ЖӘДІГЕР

Ұлы даланың әрбір тау-тасы халқымыздың сан ғасырлық жылнамасынан сыр шертеді. Соның бірі – қойнауы қазынаға толы Қаратау петроглифтері. Төрт мың жылдық тарихы бар таңбалы тастар төл өркениетіміздің тамыры тым тереңде жатқанын көрсетеді. Ғалымдарымыз Қызылорда жеріндегі Сауыскандық пен Түркістан облысындағы Арпа өзеннен жалпы саны 17 мың петроглиф тапқан. Осындай құнды жәдігерлеріміз бен ұлттық дәстүрлеріміз ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізімінде болуға әбден лайық деп санаймын.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың V отырысында сөйлеген сөзінен



Сансыз сырлы САУЫСҚАНДЫҚ

– Алда әлі 60 шақырым жол бар.
– Оны білдік. Жолы тегіс пе?
– Машина алқынатпайды емес. Әзір жақсы.

Көлік алдында отырған әріптестердің әңгіме ауаны осындай. Шағын автобусымыз тау бөктерінен кен тасып жатқан үлкен жүк көлігінің біріне ілесе берді. Ал бұл жақтан жергілікті кәсіпорын ваннаиді өндіретінін бұрын естідік. Кен орны да тау арасындағы Сауыскандық шатқалында екен.

Біздің де іздегеніміз осы мекен. «Сыр медиа» серіктестігінде істейтін бір топ әріптестің қызығушылығын оятқан дүние тау ғана емес. Осында сан ғасыр бұрын тасқа таңбаланған бейнелердің бір бөлігін көзбен көрмек. Таң білінер-білінбестен қаладан ерте аттанғаны да сол. Ал бұралған жол тау арасына жетелеп барады...

ҚОЛА ДӘУІРІНЕН ЖЕТКЕН ҚАЗЫНА

Сырда өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы айтқандай, қойнауын тұртсең тарихы төгілетін Қаратау жотасында құпия көп. Тек зерттеуі кемшін. Белгілісі – осындағы Сауыскандық шатқалындағы тастағы бейнелер. Осы петроглифтердің нақ қай заманда салынғаны жайында тек ғылыми септеулер ғана бар. ЮНЕСКО тізіміне алдын ала үміткер ретінде тіркелген орынның бүгінгі қалпын баяндасақ.

Алғашқы тақырыпта айтқанымыздай, біз тарихи жәдігерлер топтасқан маңға жеткенімізде, аудандық «Өскен өңір» газетінің бас редакторы, белгілі журналист Нұрболат Пірімбет пен Шиелідегі жергілікті тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері Бекболат Әбутегі бастаған жігіттер күтіп алған. Амандық, жол болсын айту, келген мақсатты қысқашалап жеткізем дегенше жарты сағат уақытты «жеп» бітірдік. Мұнан соң қызығы мен құпиясы көп шатқалға қарай өздері ілестірген. Қатпарланған жартасты қиялап өрлей бердік.



Өлкетанушының айтуынша, мемлекет қорғауға алған бірнеше гектар аймақты кейіннен Сағынбай Мұрғабиев бастаған археологтар да көбірек зерттеп жүр. Жалпы Сауыскандыққа барғанымызда тау етегінен басталған мұндай петроглифтер жоғарылаған сайын көбірек көзге түсе бастайды. Көзге де анық көрінгені, мысалы, шоқпарлы ер адам, дабылдатқыш ұстаған би тобы, арба, жылқы, түйе, арқар, басқа түрлі жабайы аң немесе құс бейнелері сол дәуірдегі адамдардың тұрмыс салтын, шаруашылығын, діни түсініктерін бейнелейтіндей.



– Президент айтқандай, сонау қола дәуірінен қазіргі заманға дейін жеткен мұндай қазына сөз жоқ, ұлықтауға лайық. Жан-жауарлар мен

маңда орналасуы. Әлгінде сіздер өткен жолда ваннаиді кен кәсіпорнын байқадыңыздар ғой. Ваннаиді осы тау қыртыстарынан алады. Әрине, жарылғыш зат қолдана отырып, тау арасын сөгеді. Мұндай дүмпу әр таңбалы тастың орнынан жылжып, не құлап, бірінің астына бірі түсіп, көзге көрінбей қалуына әкеліп отыр. Одан бөлек, табиғи фактор, ауа райының әсерін қосыңыз. Сенсеңіз, бұрын осында 12 мыңнан астам сурет бар болса, қазір 2 мыңға жуық петроглифтен айырылып қалдық деп айтуға болады. Жалпы тастағы суреттердің негізгі бөлігі таудан бері қарай ағатын арна бойында жатыр, – дейді Бекболат Әбутегі.

Бекболат ағамыз кейіннен археолог Сағынбай Мұрғабиевпен бірге кен басшылығымен сөйлесіп, келісімге келген. Тарихи ескерткіш пен оның маңызын түсіндіріп, құжат бойынша кен өндіру аймағын да әбден шегендеп алыпты. Арнайы картаға енгізіп, жарылыс аумағының тарихи орынына қарай өтпеуін, яғни таңбалы тастарға зиян келмейтіндей мүмкіндік туғызған. «Бәрекеді» дейтіндей игі іс еді бұл.

– Құзырлы орынға бірнеше рет айтып келеміз. Мұнда арнайы «Сапар» орталығын салып, қажетті инфрақұрылымды тарту керек. Бір жақсысы, осы жерге дейін электр бағаналары жүрген. Жолы да жаман емес. Ендігісі келушілерге арналған үй, тазалық нысандары, әжетхана керек. Таңбалы тастарды бұлдіруге болмайтыны туралы ескерте-тақтайды қоса айтамын. Өйткені, өзімізден де, өзге өңірден де келуші турист көп. Арнайы штатпен әрі ауысыммен жұмыс істейтін экскурсовод, күзет, тазалыққа жауапты маман сияқты қызметкерлерді қойып, жұмыс жүргізуге не кедергі? Ал жазғытұрыдан бері қарай күн суытқанша тарих пен тау қойнауына қызығушылар үшін ақылы негізде билет сататын орын болса, тіптен жақсы. Бюджетке де қаржы түседі, – деген музейдің ғылыми қызметкері ұсыныстарын санамаппақ берген еді.

Мұнан бөлек, ол биік жартаста қашалған петроглифтерге апаратын жауа жүргініші жолы мен әр бағыттан адастырмайтын белгілер орналастыру қажеттігін де баса айтып отыр. Себебі, келген көп туристің адасып, тастағы құпиялы суреттерді таппай жүргені рас. Экономиканың бір кілті – туризмде. Осылай деп айтқанмен, салаға жігіт көңіл бөлуіміз аз. Қайталай беріп қайтеміз, Сырдағы көп тарихи нысанға қажетті инфрақұрылымның күйі жоқ. Ал бір турист келіп-кетуімен жүз туристің құлағын көтеретін Сауыскандықтың сыры әлі деп көп болар. Қайталанбас құндылықты сақтауға, ұлықтауға қамқорлық болмаса, мұндай қазына аз жылда жойылмасына кім кепіл? Сапар бойы осындай ой жетегінде жүрдік...

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

ӘКЕ АМАНАТЫ



Өткен жыл біздің әулет үшін айрықша кезең болды. Ондаған жыл бойы белгісіз болып келген тағдырдың ақиқаты ашылып, әке аманатын орындау бақыты бұйырды.

Қызылорда, Мәскеу, Смоленск – бұл үш қала енді мен үшін жай ғана картадағы нүктелер емес. Бірі – кіндік қаным тамған туған жер, бірі – сапар жолындағы аялдама, ал бірі – біздің әулет үшін 80 жылдан астам уақыт жабық болып келген тарих күрмеуінің шешілген тұсы.

Менің әкем Скендір Баймұханов саналы ғұмырын ел қызметіне арнаған, соғыс зулматын бастан өткерген азамат еді. Қатарына қадірлі, ортасына сыйлы, балаларының басынан сипап, немересінің маңдайынан иіскеген әкем бір қарағанда төрт құбыласы тең, ұпайы түгел адам еді. Алайда кеудесін кернеген бір жайт бар болатын, ол – ағасы Омар Баймұханұлының тағдыры. Жиырма екі жасында майданға аттанып, содан кейін хабар-ошарсыз кеткен Омар көкеміз туралы дерек табу әкемің өмір бойы арманына айналды.

Өкінішке қарай, көзі тірісінде бұл арманына жетпеді. Сол үміт пен аманатты біз – артындағы ұрпақтары үнсіз ұғындық. Бұлтыр көктемде біздің әулетке күтпеген қуанышты хабар келді. Інім Ермұхамедтің ізденісі нәтижесінде, ғаламтордағы іздеу-тіру жобаларының көмегімен Омар ағамыздың жерленген жері анықталды. Бұл хабар бәрімізді толқитты. Көп жыл бойы шешімі табылмаған сұрақтың жауабы айқындалды.

Іздеу жұмыстары мұнымен тоқтаған жоқ. «Атамның аманаты» қоғамдық қорының қолдауымен және еріктілердің көмегі арқылы деректер толық нақтыланды. Нәтижесінде Омар Баймұханұлының 1942 жылы майданға аттанып, 1943 жылдың 30 тамызында қаза болып, Смоленск облысы Рославль ауданы аумағындағы бауырластар зиратында жерленгені белгілі болды.

Бұл ақпаратты алған соң, сол жерге баруды өзіме парыз санадым. Онсыз да Мәскеуге сапарға шығуға қамданып жүрген едім, сабақты ине сәтіммен болып ақыры Смоленск жеріне де табаным тиді. Бұл – жай сапар емес, өткен мен бүгінді жалғаған, ұрпақ жауапкершілігін сезіндірген ерекше кезең еді.

Смоленск облысындағы бауырластар зиратына барған сәттегі әсерімді сөзбен айтып жеткізу қиын. Жергілікті тұрғындардың тарихи орындарға деген құрметі ерекше байқалады. Зират күтіп ұсталған, әрбір белгі бір тағдырдың үнсіз куәсіндей.

Сол жерде Омар атамның басына туған жердің топырағын салдық, арнайы ескерткіш белгі қойдық. Туған жер мен жат жерде жатқан баба рухы осылайша табысты.

Елге оралған соң әкеміздің зиратына Смоленскіден әкелінген топырақты және арнайы ескерткіш белгі қойдық. Осы бастамамыздың арқасында табыса алмай арманда кеткен екі бауырдың байланысы жылдар өткен соң қайта жалғанды.

Бұл оқиға – бір әулеттің ғана емес, тұтас бір кезеңнің шындығы. Соғыс салған жарадан әлі де жазылмаған отбасылар бар. Уақыт өтсе де, іздеу тоқтамайды. Ұрпақ өз тарихын ұмытпайды. 2025 біз үшін тек бір деректің табылған жылы емес, әке аманаты орындалған, өткенге тағзым жасалған, ұрпақ парызы өтелген жыл болып қала бермек.

Женіс күні қарсаңында болған бұл оқиға бізге соғыстың шынайы бағасын тағы бір мәрте терең ұқтырды. Майдан – тек тарих беттеріндегі дерек емес, ол әр отбасының жүрегінде қалған қасірет пен ерліктің ізі. Омар атам сол сұрапыл соғыста ерлікпен қаза тауып, туған жерге оралмаса да, оның ерлігі ұмытылған жоқ. Ал Скендір әкеміз сол ауыр жылдардың салмағын өмір бойы көтеріп өтті. Бүгінгі бейбіт аспан астындағы өміріміз – осындай боздақтардың жаңқиярлығының арқасы. Женіс күні – тек мереке емес, өткенге тағзым, ерлікке құрмет, соғыстың қайталанбауын тілейтін ұрпақтың үні.

Нартай БАЙМҰХАНОВ

ГАЗЕТ ПОШТАСЫНАН

ЖЕҢІС ТАҢЫ

Женіс таңы аралап атқанында, Жылы шуақ сыйлады жас жаныма. Ерлікпен аталар шайқасыпты, Шөкімдей бұлт түсірмей аспаныма.

Женіс туы желбіреп көгімде шын, Адамзаттың көз жасы төгілмесін. Егемен елдің данқы арта берсін, Қазағымның тілеуін Тәңір берсін!

Ұлықтап ұлы ерліктің мәртебесін, Қойылды Женіс деген көркем есім. Майдангерлер ерлікпен жүздірді алға, Отанның бейбітшілік өр кемесін.

Қазына ЖАНЦАБАЙ,
№7 мектеп-лицейінің
11 сынып оқушысы.
Қызылорда қаласы

АТАМ – МЕНІҢ МАҚТАНЫШЫМ

Атам – менің мақтанышым, асқарым, Ерлік жолы – бізге қалған дастаным. Ұмытылмас есімі ел жадында, Жалғасады ұрпағында асқақ үн.

Берлин жаққа бет түзеген қамықпай, Женіс үшін жанын салған тайынбай.

Қан майданда сыналған ер жігері, Шайқалмаған тар кезеңде тірегі. Варшавада жауға қарсы ұмтылып, Ел намысын қорғаған ер жүрегі.

Оқ пен оттың ортасында шындалып, Ерлік данқы биіктеді, өшпей жай.

Гүлназ ЕСІРКЕП

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қызылорда» Өңірлік инвестициялық орталығы» Микроқаржылық ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мекенжайы өзгергендігі хабарланады.

Орналасқан жері: Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Мүсірәлі Әжіқожа көшесі, № 10 үй, пошта индексі 120014.

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы баспа саласының ардагері **Исмаил Шахмаранның** қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Газеттің келесі саны 13 мамыр, сәрсенбі күні шығады

1-бет

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес
KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялығар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Султан көшесі, 4 «А».

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Таралымы 21038

Тапсырыс №773

Кезекші редактор Айсауле ҚАРАПАЕВА